# Педагог

№6 (72)
(Қараша-Желтоқсан)
(Ноябрь-Декабрь)
2022

*Журнал екі айда бір рет шығады / Журнал выходит один раз в два месяца*

Журнал 2011 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля 2011 года на казахском и русском языках

**Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал**
**Республиканский научно-методический педагогический журнал**


## МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ


Тағлымы терең жасампаз жан ........................................ 3

**М. Нургазиева**

Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы ........................................ 21

**Б. Рысбекова**

Мұғалімінің кәсіби құзіреттілігі – заман талабы ........... 22

**И. Могунова**

Участие в волонтерской деятельности как средство развития коммуникативных навыков учащихся 5-7 классов ........................................ 25

**Е. Румбах**

Блог учителя в социальной сети как одна из возможностей для развития системы электронного обучения ........................................ 30

Собраться вместе, чтобы вместе работать .................... 34

**Г. Бикбаева**

Воспитать – дело чести ........................................ 36

**А. Байдилдаева**

Жер және өмір ........................................ 37



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
**Гүлжанат ҚҰСТАНОВА**

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 15.02.2010 ж. Астана қаласында тіркеліп, №10712-Ж куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды 26.12.2022 ж.
Офсеттік басылым.
Тапсырысы: 320.
Басылым индексі: 74312

**Редакцияның мекен-жайы:**
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: **pedagog-ltd@mail.ru**

Журнал <<RADO Print>> баспаханасында басылды.
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46, кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
**Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА**

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:
## РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

**Н. Омашев** – *ҚР Жоғары мектеп Ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.*

**С. Аманжолов** – *педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.*

**Ә. Дүйсебек** – *Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім Академиясының вице-президенті.*

**А. Миразова** – *Алматы қаласы, №159 мектеп-гимназиясының директоры, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек Ері.*

**Р. Кіршібаева** – *Алматы қаласы, №145 мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.*

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры и информации РК в г. Астане. Выдано свидетельство №10712-Ж от 15.02.2010 г.

Подписано в печать 26.12.2022 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Подписной индекс: 74312

**Учредитель:**
ТОО «Педагог LTD»
Адрес: 050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.
Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;
сот.т.: 8 777 1949458,
8 777 3033767
**Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru**

Журнал напечатан в типографии
<<RADO Print>>
г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А

### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасына жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

*Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.*

### ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны и сохранены в программе Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц, шрифт Times New Roman. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте на электронную почту (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

*Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.*

# Тағлымы терең жасампаз жан



**Ботагүл Алтайқызы ТҰРҒЫНБАЕВА, п.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогика және психология кафедрасының профессоры; ҚР Білім беру ісінің үздігі; ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері; Ы. Алтынсарин төсбелгісінің иегері; Ресей жаратылыстану академиясының (РЖА) корреспондент-мүшесі; Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар академиясының толық мүшесі (академигі).**

1978 жылы Жамбыл педагогикалық институтын (қазіргі Тараз мемлекеттік университеті) бітірген;

1972-1981 жылдары Жамбыл облысындағы мектепте мұғалім, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

1981-1983 жылдары Алматы облысы Жамбыл ауданы оқу бөлімінде әдіскер;

1983-1986 жылдары Алматы облысы мұғалімдер біліктілігін жетілдіру институтында әдіскер, кабинет меңгерушісі, Білім беру жүйесіндегі басшы және ғылыми-педагогикалық мамандардың біліктілігін арттыратын республикалық институтта әдіскер, кабинет меңгерушісі, доцент, кафедра меңгерушісі болды.

2008 жылдан ҚазҰПУ-да кафедра меңгерушісі қызметін атқарады.

## Ботагүл Алтайқызының отбасынан алған тәлім-тәрбиесі

Әкем Тұрғынбаев Алтай 1907 жылы Жамбыл облысы, Көктерек (Қазіргі Мойынқұм) ауданында дүниеге келген. Ата-анасынан ерте айырылған оны Қырғызстанның балалар үйіне туыстары жасын 3 жасқа кемітіп тапсырған екен. Сол себепті де құжат бойынша 1910 жылы туылған деп жазылған.

Балалар үйінен кейін әкем Ресейде (Москва облысының Иваново-Вознесенск қаласы) оқып товоровед мамандығын алып шығады. Оқуын аяқтаған соң Алматы қаласында еңбек етеді. Қызметі өсіп Гурьев (қазіргі Атырау) қаласында Қазпотребсоюз мекемесінің бөлімшесінде, кейіннен осы мекемеде Алматы қаласында жауапты қызметтер атқарады. Ұлы Отан соғысы басталғанда майданға аттанып, контузия және кеудесінен, аяқтарынан ауыр жарақат алып елге оралады. Алматы қаласына оралған ол өз қызметін әрі қарай жалғастырады. Алматы, Гурьев қалаларында «Казпотребсоюз» мекемесінің республикалық және облыстық бөлімдерінде еңбек еткен, кейін Мойынқұмда әр түрлі қызметтер атқарып, мұнай базасындағы жұмысынан зейнетке шықты. Соғыс басталар алдында міндетті армия қатарына шақырылып, содан ары қарай майданға аттанған, ауыр жарақат, контузия алып елге оралған жауынгер артық дүние, мал жинауды мұрат тұтпаған, мінезі қаталдау, тазалықты, тәртіпті сүйетін, адалдықтан аттамаған, өзіндік көзқарасына, ұстанымына берік кісі еді.

Анам Мұстахимова Пәшек 1920 жылы Алматы облысы Қаскелең ауданы, Кемертоған ауылында дүниеге келген. Ол кісі балалық шағы ашаршылықпен қатар келгені, анасынан 4 жасында, ал әкесінен 10 жасында қалғанын айтып отыратын. Әжесі өз ауылынан алысырақ мекенде орналасқан мектепке жол бойында аштықтан бұралып жатқан адамдардың арасымен алып барады екен. Кейде тығыз шаруасы болса, екі ауыл ортасындағы биік төбеге дейін ілесіп барып, әрі қарай өзімді жіберетін, әжемнің төбесі көрінбей қалса, ыңырсып жатқан адамдардан қорқып кері қарай қайтушы едім, оны байқап қалған әжем айқайлап мектепке баруымды талап ететін деген әңгімесін талай естіген едім.

Ауыл мектебін бітірген анам еңбек жолын Қаскелең ауданы «Прямой путь» колхозында кітапхана меңгерушіліктен бастайды. Одан кейін бастауыш мектеп мамандарын даярлайтын оқу орынында білім алып, осы ауданның Көкөзек бастауыш мектебінің мұғалімі әрі меңгерушісі болып қызмет атқарады. 1948 жылы Алматы қаласына көшіп келіп, бала тәрбиесінде үйде отырады.

Ата-анамның айтуынша, отбасында бала тұрақтамай шетіней берген екен. Осыған байланысты анамның мына бір айтқан әңгімесі әлі есімде. Бір күні Тастақ шағын ауданындағы үйлеріне түс мезгілінде бір мұсылман баласы келіп, есіктен кіре құран оқи бастайды. Соңында «үйлерінде ауру бала бар екен» - деп, «қоныс аудармасаңдар» балаларың тұрмайды дейді. Шындығында 1948 жылы туған әпкем Ботагөз қатты ауырып жатқан екен. Содан анам кешке жұмыстан келген әкеме бол-

ған оқиғаны айтып береді. Әкем біраз ойланып, үлкен, жауапты қызметін тастап, өзінің балалар үйінде бірге тәрбиеленген досы, Жамбыл облысы Көктерек ауданының бірінші хатшысы болып отырған Шымбай Базарбаевпен хабарласып, жағдайын айтады. Ол кісі көшіп келуге кеңес береді. Содан әке-шешем басындағы үйлерін сатып, ат пен шағын арба сатып алып, ең қажетті дүниесін тиеп темір жолдың бойымен Көктерек ауданының орталығы Бірлік селосына жол тартады. Жолда бастарынан өткендері бұдан да қызық болады. Темір жол бойындағы әр разъезд, станцияда сол жердегі қазақтар жөн сұрасып «бауырымыз, келініміз екенсіздер» деп қонақ етіп, қастарына бір атқосшыны ілестіріп, келесі ауылға дейін шығарып салып отырған екен. Осылайша елге жетіпті. Бұл оқиғаны ата-анам ұлтымыздың керемет бауырмалдығына, кеңпейілдігіне, қонақжайлылығына тәнті болып жиі айтушы еді.

Елге келген соң анамды аудандық партия комитетінің әйелдер бөліміне нұсқаушы, ал әкем мұнай базасында еңбек етеді. Алладан сұрағаны бала болған олардың тілегі қабыл болып әпкем ауруынан айығып, 3 жылдан соң 1953 жылы қаңтар айының ***бірі*** күні мен және менің сыңарым Серік дүниеге келіппіз. Әкем «Жаңа жыл бүкіл халықтың мерекесі, ал біздің отбасы үшін екі баламыздың туған күні де мереке болсын» біздердің төлқұжатымызға 2 қаңтар күні етіп жаздырған екен. Бұл да бір әкемнің көпшілдігін, жаны мерекені қалап тұратынын көрсетсе керек.

Бізден кейін 5 жылдан кейін 1958 жылы інім Берік туылды. Біздің 3 жасымызда осы аудандағы Хантау станциясына көшіп келіп, анам мектепке, ал әкем алдымен жив серье кейін мұнай базасында еңбек етіп, зейнетке шығады. Осы ретте мен білім алған, балалық шағым өткен, Жамбыл бабаның кіндік қаны тамған Хан тауы баурайындағы елдімекен жайлы тоқталсам деймін.

Хантау станциясы аудан орталығы – Мойынқұмнан шығысқа қарай 68 шақырымдай жерде, аталмыш таудың батыс жағында орналасқан. Хантауы – Жетісу аймағының солтүстік батыс жағында Шу-Іле Алатауының оңтүстік шығыс жағалауындағы сілемдері болып табылады. Оңтүстік батыстан оңтүстік шығысқа қарай 40 шақырымға дейін созылып жатыр. Таудың орташа биіктігі 600-650 метр. Ең биік шоқысы 1053 метр. Жергілікті халықтың айтуы бойынша, ол биік шоқыны «Сұңқар» шоқысы деп атайды. Шамасы таудың биіктігін сұңқар самғайтын биікпен ұштастырған болуы керек.

Жазба деректерде Жетісудың батысында «Қозыбасы Шу» деген жерде Жәнібек пен Керей хандар бастаған Қазақ хандығының құрылғандығы халқымыздың тарихында белгілі. Көрсетіліп отырған жер Моғолстан жері еді. Алайда, ондағылар қазақ хандарын өз жеріне келулерін қуанышпен қарсы алған. Себебі, Есенбұға ханның інісі Жүніс хан оларға осы жағынан қауіп туғызып отырған. Сондықтан Жәнібек пен Керейдің өз жеріне келіп орнығуына ешбір кедергі жасамаған. Бұл жерге келгенге дейін қазақ сұлтандары қазақ хандары деп атала бастаған. Қазақ хандығының алғашқы ту тіккен жерін айқындау үшін палеонтоло-

гиялық экспедиция жұмысы жүргізіліп, зерттеу барысында Қозыбасы деген жер Қордай ауданының шығыс жағында екендігі белгілі болған. Сол Қозыбасы жайлауында Керей хан болған. Бұл қазіргі Шу стансасының аумағы. Осы стансаның терістік шығыс жағында Хантау стансасы орналасқан. Бұл аумақта Жәнібек хан тұрақтаған. Оған дәйек, Үлкен Хантаудың шығыс жағында Жәнібек ханның «хан қорасы» деген қора әлі де бар. Сол манда «хан тағы» деген тастақты төбешіктер орналасқан. Осы айтылғандар жай, ойдан шығарылған атаулар емес, олар шындығында тарихи дәлелденген, болған оқиғалар куәсі. Бала кезімізде сол «қораларға» кіріп, «хан сатысымен» көтеріліп, «хан тағына» шығып мәз болушы едік.

Бұл деректер Хантауында хандардың өмір сүргендігі жайлы пікірлерді дәлелдейтін айғақтар екендігі күмәнсіз. Жас мемлекеттің ішкі, сыртқы, экономикалық саясатын ескере отырып, Керей мен Жәнібек тарих сахнасында «Қазақ» деп аталатын жаңа хандықты шығарып, оның байрақты туын Хантауына тіккен екен. Дәл осындай қасиетті елде туылып, өскендігімізді, өкінішке орай есейгенде ғана білдік емес пе.

Елден шыққан халық батыры Биназар Акеділұлы (1802-1860) – Ұлы жүз құрамындағы Дулат тайпасының Шымыр руынан шыққан. XX ғасырда қазақ жерінің оңтүстік аймағына Қоқан хандығы үстемдік жасап, алым-салықпен елге қатты қысым жасағанда батыр бабамыз осы қоқандаған Қоқан хандығының жосықсыз іс-әрекетіне қайтпай қарсы шығып, олармен батыл күрескендердің бірі болған. Батыр әруақты, ел ерекше сыйлайтын, атын естігенде дұшпандарының өзі сескенетін кісі болыпты. Сонымен қатар елінің ертеңін ойлаған Биназар батыр соңына ерткен жұртты отырықшылық тұрмысқа бейімдеп, егін егуге жұмылдырған. Ол қаздырған тоғаннан аққан су кейінгі ұрпақтардың кәдесіне жақсы жарауда. Бейіті Хантауы қыратының «Сұңқар» деген шоқтығында орналасқан. Батырдың тікелей кіндігінен тараған ұрпақтары менің туған ауылым Хантау стансасында тұрады. Бүгінде Хантауға жақын орналасқан үлкен елді мекен Биназар ауылы деп аталады. Осы бабамызды еске алуға арналған үлкен мерекелік шараға шақырылғанда мына төмендегі өлең жолдарын арнаған едім.

*Қасиетті Хантауы туған жері бабаның,*
*Осында мен қаншама ақсақалдан бата алдым.*
*Туған тағы осында Биназардай атамыз,*
*Өмірінің өткізіп ауыр мезгіл, қатал күн.*

*О, туған жер ырыс бағым бір сенде,*
*Еске аламын өзіңді қайда мен жүрсем де.*
*Шәмші аға ән арнап асқақтатқан атыңды,*
*Саған қарай түремін, құлағымды түрсем де.*

*Ақын менен батырдың мекенісің мәңгілік,*
*Атың тұрар жадымда қашанда да жаңғырып.*
*Жүрсем алыс өзіңнен сағынышым басылмай,*
*Әнге қосам еске алып, талай таңды таңға ұрып.*

*Тиым салып қаншама жауларына жосыған,*
*Керей менен Жәнібек осы жерде қосылған.*
*Ел бірлігін паш етіп мәңгілікке апарар,*
*Танбашы бір, туған жер қашанда да осыңнан...*

*Менде міне, көппенен мақтан етіп жатырмын,*
*Дүбірлеген асында Биназардай батырдың.*
*О, туған жер, ел жұртым рақымет айтамын,*
*Келелі бір кеңеске, қызым бар деп шақырдың.*

Сәл тарихи деректерге шегіністен кейін отбасына қайта оралсақ, анам өте тазалықты сүйетін, үй шаруасы мен негізгі қызметін қатар алып жүрген, ауыл елге сыйлы азаматша болатын. Аудандық совет депутаты, халық сотының заседателі сияқты партия, совет жұмыстарын атқарған белсенді, халық қалаулысы еді. Ал әкем болса, жұмысында іскер басшы, отбасында мейірімді әке болатын. Жастайынан орыс тілді ортада өсіп, еңбек еткенімен ана тіліне деген құрметі ерекше еді. Барлығымыздың қазақ мектептерінде білім алуымызды қалап, отбасындағы үшеуміз ұлттық мектепте, тек кіші інім ғана орыс сыныбын тәмамдады.

Біздің үйде бір жаңа кітап шықса барлығымыз таласа оқитын дәстүр бар еді. Жанұядағы төрт бала артық еркелемей, ата-анамыз күні бойы жұмыста болғандықтан, отбасының барлық шаруасын атқарып өстік. Бос жүру, уақытты ойынмен өткізген кездеріміз болған жоқ десем болады. Сөйте жүріп үздік оқушылар қатарында болдық, мектептегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласатынбыз. Әр түрлі үйірмелер, пионер, комсомол ұйымдарының жұмыстары сеніп тапсырылатын.

**Мұғалімдік мамандыққа келуім**

Алақандай ауыл мектебінің оқушысының үлкен өмірмен байланысы өзінің мұғалімі арқылы жүзеге асады емес пе. Сол кісі арқылы көзі ашылып, көкірегі оянады. Мен де өзімнің көптеген қатарластарымдай алғашқы ұстазым, талантты педагог, Мәншүк Мәметова атындағы Қызылордадағы қазақ қыздар педагогикалық училищесінің түлегі Кәмиля Сағымбайқызы Найманшаловадан тіл мен әдебиет, есеп пен қоршаған әлем, сол әлемнің әсем саздары мен бояулары жайлы білім ала отырып, «мұғалім» деген ғажап мамандыққа деген балалық махаббатым оянды. Оқушы бола тұра орайы келген тұстарда басқа оқушылар алдында өзімді «мұғалімдей» сезінетін сәттерді ұстаздарым байқайтын болған-ау асылы, нашар оқитын оқушыларды «оқытуды», олармен сабақтан соң қосымша жұмыс жасауды сеніп тапсырушы еді. Бұл жұмысты асқан жауапкершілікпен атқаруға тырысатынмын. Мектепті бітірген соң сүйікті ұстазым бітірген оқу орнында оқып, бастауыш сынып және музыка пәнінің мұғалімі мамандығын алып шықтым.

Осы тұста бір қызық оқиға жайында айта кетсем. Училищеге құжат тапсырып, емтихандардан, олардың ішінде музыкалық қабілеттерді тексерген сынақтардан сүрінбей өткен соң, бұйрықты күтіп жүргенбіз. Хабарландыру шыққан күні барып

оқысам, менің фамилиям «музыка бөліміне» түскендерді бастап тұр. Музыканттарға, өнер адамдарына деген ауыл баласының естіген пікірлерінен бе, әлде бастауыш мектепке мұғалім болмай қалатын болдым деген қауіп пе білмеймін, мені сол кездегі директорымыз Ұлмекен Ыбырайқызы Рысбекова апайдың алдынан бір-ақ шығарды. «Музыка бөлімінде оқымаймын» - деп қиғылық салдым. Содан апай ауылымның адресін алып, ертеңіне анаммен байланыс жасауға тапсырыс беріп, белгіленген уақытт келуімді тапсырды. Келесі күні апайдың жұмыс кабинетінде анаммен сөйлесіп ол кісіге менің ***екі*** мамандық алып шығатынымды сабырмен түсіндіргені, анамның тұтқаның екінші жағынан маған «оқы» дегені әлі көз алдымда.

Мәншүк Мәметова атындағы Қызылордадағы қазақ қыздар педагогикалық училищесі еліміздің атақты қыздары қоғам қайраткерлері мен өнер адамдары: Білім және ғылым министрі болған Ш.К. Беркімбаева, Парламент депутаты қызметін атқарған М.Б. Жүйріктаева, ақын Н.А. Лушникова, әншілер Б. Әшімова, С. Боранбаева, Г. Қарамолдаева, М. Ералиевалар, ғалым педагогтар: Ә.С. Бейсенова, Қ. Меңдаяқова, Ш. Таубаева, А.С. Әмірова, т.б. білім алған, ұстаздарды дайындаудағы даралығымен танымал оқу орыны.

Сол оқу орнында білім берген аяулы ұстаздарым Кенжегүл Әбуқызы, Жұмағали Ерғалиұлы, Нэлли Александровна, Пірман Әбуұлы, Дариға Жүсіпқызы, Валерий Никулин, т.б. біздің жақсы маман болып қалыптасуымыз үшін көп еңбек сіңіріп, өз үлгілерімен ұстаздықтың ұлы жолына бастады.

Жоғары білімді Жамбыл педагогикалық институтының филология факультетінде алдым. Бұл университет те талай майталмандарды қанаттандырған, республиканың, облыстың білім ошақтары үшін сан мыңдаған мамандарды дайындаған іргелі білім ордасы.

**Адал еңбек адастырмайды**

Еңбек жолым туған ауылым Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы Хантау станциясындағы № 303 сегізжылдық мектепте бастауыш сыныптарда мұғалімдік қызметтен басталды. 4-сыныпқа жетекші болып тағайындалған, сабақ берген шәкірттерім қазір бір-бір мамандық иелері. Жас маман ретінде мектептің барлық жұмыстарына араласып, әсіресе оқушылардың хорын, вокалдық тобын, әнші балаларын тәрбиелеп таланттарын ұштауға ат салыстым деп айта аламын. Мектептің комсомол ұйымының жетекші ретінде ауыл, аудан көлемінде үлкен іс-шаралардың басы-қасында жүретін шақтар маман, адам ретінде шынықтырды десем қателеспеймін. Ауыл мектебіндегі 4 жыл табысты еңбектен соң, осы ауданның К. Маркс атындағы орта мектебінде директордың оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары қызметіне ауыстырылдым. Бұл мектепте 1976-1981 жылдары жұмыс жасап, бұдан кейін Алматы облысы Жамбыл аудандық оқу бөлімінде әдіскер болып жұмыс жасадым. Қазақстан республикасы парламаентінің 2 шақырылымының депутаты болған Мәрия Бесбайқызы Жүйріктаева сияқты іскер де талапшыл бас-

шымен жұмыс жасау арқылы үлкен өмір мектебінен өттім.

Бұдан кейінгі жұмыстарым мұғалімдердің кәсібилігін арттыру саласымен байланысты болды. Алдымен Алматы облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының әдіскері, кабинет меңгерушісі (1981-1990 жылдар арасында), одан кейін Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық кадрларының біліктілігін арттыратын республикалық институтта әдіскер, доцент, кафедра меңгерушісі болып жұмыс жасадым (1990-2008 ж.). Осы салада жүріп кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды. Әр қызметімде жақсы адамдардың жанымнан табылғаны менің бақытым деп санаймын.

Жалпы өзімді мамандықты дұрыс таңдап, одан бақытын тапқан адаммын деп есептеймін. Әлі күнге дейін сабақ беру менің сүйікті ісім, ашық сабақтар өткізу, әріптестерге әдіскерлік көмек көрсетумен қызығушылықпен айналысамын. Еңбегім елеусіз қалмады: «ҚР білім беру ісінің үздігі», «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгілерінің, БжҒМ бірнеше құрмет грамоталарының, «Жоғары оқу орынының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегерімін. Дегенмен ең басты марапат менің шәкірттерім мен әріптестерімнің ыстық ықыласы деп білемін.

### Тұлға шығармашылығы турасындағы түйгендерім

Қай еңбекті болмасын жаңашылдықпен, табысты орындау, бұл жолда біреуді қайталамау – адамның ішкі дүниесінің өзгешелігімен ерекшеленеді, оның бойындағы күш-қуатымен өлшенеді. Бұл жайында ерте заманнан бері ойшылдар еңбектерінде айтылып келеді. Мысалы, әл-Фараби жан қуатын ***қозғалттыратын*** қуат және ***танып білетін*** қуат деп екіге бөліп, адам бойындағы танып білетін қуатты ішкі және сыртқы жан қуаты ретінде қарастырады да, «Ақыл дегеніміз тәжірибеден басқа ешнәрсе де емес» деп тұжырымдайды. Жантану ілімі Абай мен Шәкәрім мұрасының өзекті желісінің ғылыми рухани кілтіне айналып, өз заманының шырқау биігіне көтерілді. Атап айтсақ Абай:

Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі,

«Мені» мен «менікінің» мағынасы – екі.

«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,

«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі, – деп, «менді» немесе бойдағы күш қуатты, әлеуетті өлтірмеуді уағыздады. Ал Абай салған сара жолды жалғастырушы Шәкәрім болса, жантану іліміне терең бойлап, «шынды білмек болсаң, алдыменен жанды білуге шақырады».

Психология мен педагогикада да шығармашылық феномені тұлғалық-даралық деңгейде қарастырылады. Осындай еңбектерді талдай жүріп адамды шығармашыл ету үшін ең алдымен оның бойындағы әлеуетін жетілдіруден бастау керек деген қорытынды жасадым. Ал әлеуетке әсер ету отбасындағы тәрбие, мектептегі оқу үрдісі, одан кейінгі білім сатылары мен ересек жастағы адамның өзіне бағытталған жұмыста-

рында мақсатты түрде жалғасқанда нәтижелі болады деп санаймын. Кәсіби шеберліктің шыңына, «акме» жағдайға жеткен мұғалімнен білім алған, өзін өзі дамытудың жолдарын меңгерген әр адамның шығармашыл болуына мүмкіндік бар екендігіне сенемін.

### Шығармашылыққа бастаған баспалдақтар

Мұғалім – бар болғаны мамандық аты, сондықтан ұстаз болу осы салада еңбек етіп жатқан әр адамның басты мақсаты болуы тиіс. Әр оқушының өзін іздендіре отырып ашылмаған мүмкіндіктерін дамыту мұғалімнің біліктілігінің белгісі деп түсінемін. Оқушының танымдық қызығушылықтарын қалт жіберіп алмай, білу мен білімге қызықтыру негізінен мұғалімнің шеберлігіне байланысты, әлі де солай деп есептеймін. Олай дейтінім білім алуға құмарлық, оқуға деген тұрақты ынтаның болуы өздігінен жүретін үрдіс емес. Оны ұйымдастыру, басқару қажет. Бұл сөзсіз мұғалімнің басты міндеттерінің қатарына жатады. Әрине, оны алдымен әр мұғалім өзінен бастауы тиіс. Мұғалім, мектеп басшысы ретінде, аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі әдістемелік ұйымдарда жұмыс атқара жүріп жаңаша жұмыс істеу, таңдандыра, тамсандыра оқыту өмірлік ұстанымыма айналды. Бұл принциптерімде ешқашан өзгеріс болған жоқ. Ол үшін іздену, шығармашыл болу, ғылымды меңгеру мақсаттарын қойдым. Бұл менің қазіргі кезде көкейтесті болып отырған «өмір бойы білім алу» принципін ерте түсінуге әкелді.

Әдіскерлікпен қатар алып жүрген педагогикалық қызметте оқушылардың шығармашыл болуын жүзеге асыратын әртүрлі бағдарламаларды тәжірибеде қолдануды іске асырдым. 1995-2007 жылдар арасында **«ТРИЗ – өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы»** бойынша сабақтар мен сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастыру, **«Ақыл-ой Одиссеясы»** бағдарламасы бойынша халықаралық жарыстарға командалар дайындау жұмыстарымен аса қызығушылықпен айналыстым. Оқушыларыммен Германия, Польша, Ресей мемлекеттерінде осы бағдарламалар аясында жарыстарда болып, жүлделі орындарды иемденіп қайтқан кездер ғылым мен тәжірибенің ұштасқандығының дәлелі болды деп санаймын.

### Ғылымға келу – кәсіби қажеттіліктен туындады

**Ғылым** – адамның табиғат пен қоғам туралы объективті білімін қалыптастыруға мүмкіндік беретін танымының ең жоғарғы пішімі, оның практикалық қызметінің бір саласы. Адамзат қоғамының дамуы барысында ғылым қазіргі кезде қоғамның маңызды әлеуметтік институтына және тікелей өндірістік күшіне айналды. Ғылымның басты мақсаты – ғылым заңдарының негізінде ашылып отырған болмыс құбылысы мен үрдісін болжау, түсіндіру және жүйелеп мазмұндап беру.

Мен ғылымға кештеу келген жандардың бірімін. Оның өзіндік себептері бар. Оқу бітіріп еңбекке араластық, ауыл мектебінде 10 жыл, аудандық, облыстық оқу бөлімдерінде 6 жыл қызмет жасап, Алматыдай алып

шаһарда өз орынынды табуға кеткен жылдарды есептегенде, ғылыммен саналы түрде ақыл тоқтатқан жасымда айналыса бастадым десем болады. Ол кезде білім беру жүйесі ғылыми педагогикалық кадрларының біліктілігін арттыратын Республикалық институтта жұмыс жасайтынмын.

Институттың сол кездегі директоры Наталья Алексеевна Лебедева, оның ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары Виктор Александрович Парфенов күн аралатпай маған «сіз ғылыммен айналысуыңыз керек» дегенді айта беретін. Мен оған аса мән бермей, әдіскерлік пен дәріскерлік сияқты жұмыстарды қатар атқарып жаттым. Қарбалас уақыттар өте берді. Бір күні Наталья Алексеевна кабинетіне шақырып жатыр дегенге барсам, онда белгілі ғалым Григорий Абрамович Уманов отыр екен. Сол кісіге мені таныстырып, жетекші болыңыз деген өтінішін білдірді. Григорий Абрамович сұрақтарын қойып, қандай тақырыптың қызықтыратынын айтып беруімді сұрады. Алайда менің қазақ тілінде жазатынымды естігенде, Сабыров Талғат Сабыржанұлын таңдағаныңыз дұрыс деген кеңес берді. Сол кісінің жетекшілігімен алғашқы жұмыс орындалды. Дегенмен Григорий Абрамовичпен ғылыми байланыс үзілген жоқ. 1997 жылы ол кісімен бірге Американың Кентукки штатындағы Спалдинг университетінде тәжірибе жинақтап қайттық.

Егер менің жолымда Наталья Алексеевна, Виктор Александрович, Григорий Абрамович, Талғат Сабыржанұлы сияқты ғылымға берілген, үміт күткен адамдарына жанашырлық танытатын жандар кездеспесе, ғылымға келер ме едім кім біледі.

**«Бастауыш сынып оқушыларының оқыту барысында шығармашылық қабілеттерін дамыту»** тақырыбында жазылған кандидаттық диссертацияда шығармашылықтың бастауы барлық адамда бар қағидасына сәйкес, оны ерте қолға алу адам үшін де, қоғам үшін аса қажеттігін, оның негізгі педагогикалық шарттары білім мазмұнын шығармашылық тапсырмалар арқылы жаңалау, оны технологияландыру, білімдік үрдістің дамытушылық сипатын арттыру екендігін ғылыми тұрғыда дәйектеуге әрекеттендім. Қазақстанның барлық мектептері аударма оқулықпен оқитын ол замандар кетіп, кейін төл оқулықтар дүниеге келді. Дегенмен олардың дидактикалық аппараты репродуктивті тапсырмалардан тұратын. Сондықтан олар негізінде шығармашылық қабілеттерді дамыту мүмкіндігі мардымсыз деуге болатын. Демек оқулықтар мазмұнын жаңарту міндеті тұрды. Бұл менің ғылыми жұмысымның тәжірибелік бөлігі болды.

Бұл ретте ғылыми жұмысыма жетекшілік жасаған педагогика ғылымдарының докторы, профессор Талғат Сабыржанұлы Сабиров ұстазым жайлы тоқталмақпын. Психология мен педагогика ғылымдарын бірдей меңгерген, ізденушіге дұрыс бағыт беріп жөн сілтейтін жаны таза азамат болатын. Әр кездесуден жақсы ой түйіп, жаңа бағдар алушы едім.

Зерттеу бойынша педагогикалық эксперимент жүргізген Алматы қаласының №145 мектебінің бастауыш сынып мұғалімдерімен, әсіресе, талантты ұстаз Зүбайда Мүфтібековамен жүргізген жұмыстар ойға

оралады. Дәстүрлі оқулықтардың мазмұнын шығармашылық тапсырмалармен толықтырып, оларды табысты орындау үшін әр сабақты технологиялық деңгейге көтеруде көп жұмыстар жүргізген болатынбыз. «Ақыл-ой Одиссеясы» («Одиссея разума») Халықаралық бағдарламасын мектептерге таратып, оқушыларымызбен алыс жақын шетелдерде өнер көрсеткен шақтар дамытушылық мектеп, орта жасауға ықпал еткені даусыз.

Оқушының шығармашыл болуы мұғалімнің жаңашылдығымен тікелей байланысты деп есептегендіктен докторлық диссертация **«Біліктілікті арттыру жүйесінде мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамыту»** мәселесіне арналды. Аталмыш жүйеде жасаған ұзақ жылғы еңбек пен ізденіс нәтижесінде зерттеу мәселесі бойынша теориялық нобай, авторлық тұжырымдама мен синергетика мен акмеологияның түйісіндегі парадигмалық идея жасалды. Біліктілікті арттыру жүйесінің қызметін инновациялауға қатысты әдістеме ұсынылды, тәжірибеден өтті. Олардың жетекші идеясы – біліктілікті арттыру жүйесінің қызметі арқылы мұғалімдердің әлеуетін жетілдіріп, өзінің ішкі әлеміне өзгеріс жасаудың тетіктерін меңгерту, жаңаша педагогикалық ойлауын қалыптастыру болды. Бұл жұмысқа педагогика ғылымдарының докторы Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетов кеңесшілік жасады. Барынша жағдай туғызып, жұмысымды сәтті қорғап шығуда көмегін аямады. Қазір біз қызметтеспіз.

Менің ғылыми зерттеулерімнің бағыты педагогикалық шығармашылық болғандықтан, философия, психология, педагогика, т.б. ғылымдардың түйісуінде жазылды. Ғылымдағы басты көрсеткіш – тәжірибедегі алынған сапа деп санаймын. Ғылым өндірістің, қызметтің сапасын арттырғанда ғана нәтижесі болады. Соңғы уақыттарда шығармашылыққа көп көңіл бөлінуде. Зерттеулер де жасалуда. Болашақта да адамның жасампаздығын қалыптастыру мен дамыту мәселелері күн тәртібінен түспейді деген сенімдемін. Өйткені қоғамның қозғаушы күші жаңашыл, шығармашыл, интеллектуал, дарынды адамдар. Педагогика саласындағы жаңа парадигмалар дәл осы сападағы тұлғаларды еселеп арттыру мақсатын қоюда.

Сондықтан шығармашылық педагогикасы жайлы ізденістер шет елдік тәжірибеде де үнемі назарда ұсталынып келеді. Американың Кентукки штатындағы Спалдинг университетінде өткен тәжірибе алмасу күндерінде бұған сенімім арта түсті. Әлемдік ізденістер мен тәжірибелерді зерделеуге, үйренуге, пайдалануға ден қойдым. Л. Хьелл, Д. Зиглердің «Теории личности», Д. Дьюи «Демократия и образование», Ю.Турчанинова, Н.Э. Гусинский «Введение в философию образования». Гершунский Б.С. «Философия образования XXI века», Пиаже Ж. «Избранные психологические произведения». Андреев В.И. «Педагогика саморазвития», Деркач А.А. «Акмеологические основы развития профессионализма», т.б. сияқты еңбектермен танысу менің шығармашылық педагогикасына қатысты ойларым мен көзқарастарымды тұрақтандыра түсті. Оларды біліктілікті арттыру жүйесінің оқыту

мазмұнына ендіріп, бірнеше дүркін курстық жұмыстар мен конференция, семинарлар, конкурстар мен жарыстар ұйымдастыруға негіз болды.

Шығармашыл мұғалім болу педагогикалық технологияларды меңгерумен тікелей байланысты. 1997 жылдан бастап **«Оқу мен жазу арқылы сыни ойлауды дамыту»** халықаралық бағдарламасының тренері, сертификаторы ретіндегі жұмыстарым мұғалімдердің кәсіби құзырлылығын арттыруға бағытталған үлкен жұмыстың бірі болды десем артық айтқандық болмайды.

Осындай ғылыми-педагогикалық жұмыстар мені **өзгертті ме** деген сұраққа келсек, әрине өзгертті деген болар едім. Ең алдымен бұл өзгеріс философ – ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өлеңінде айтылғандай «жақсылық көрсем өзімнен, жамандық көрсем өзімнен» екендігін, өмірдің көп жағдайда өз қолында болатындығын мойындатты. Қайраттылық пен қажырлылық, табандылық пен өзгеге де, өзіңе де талап қоюшылық, өз ісіңе басқаның көзімен қарап сыни баға беру сияқты сапаларды қалыптастырды. Дегенмен шығармашылықтың шырғалаңынының, шыңға талпынудың азабы мен тозағының болатындығын да бастан кештірді. Оған ешқандай өкініш жоқ.

## Мені қалыптастырған қоғам мен қауымдастық жайында

Адам қоғамнан, ондағы өзгерістерден тыс өмір сүре алмайды. Ал мұғалім сол қоғамдағы өзгерістерді жүзеге асыратын басты тұлға. Бұл ретте әр адамның сол үрдістердің мәнін ұғып, оларға беретін өзіндік бағасының болғаны жөн. Инновациялық экономика инновациялық білімсіз жүзеге аспайды. Ал білімдегі жаңашылдық: «модернизация», «технология», «шығармашылық» түсініктерімен байланысты. Шығармашылық жеке адамның, сондай-ақ ұжымның, топтың әрекетінің нәтижесі. Еліміздегі әлеуметтік-саяси жаңарулар мен соларға сәйкес шақырғылардың барлығы мені де олардың бел ортасында жүрмесем де қатысты болуымды талап етті. Қоғамның барлық саласындағы болып жатқан жаңалық-өзгерістер өзім қызмет етіп жүрген білім беру жүйесінің де соларға сәйкес болуын міндеттеді. Бұл кезеңде де өзімнің жылдар бойы айналысқан ғылыми-педагогикалық еңбегімнің уақыт талабымен үндестігі дәлелденді.

Біліктілікті арттыру жүйесі білім саласының ең бір жаңашыл құрылымы десем артық айтқандық емес. Онда қызмет жасайтындардың өзгелерді кәсібилікке жеткізу үшін артық оқығаны мен тоқығаны, қолынан келетіні көп болуға тиісті. Ең бастысы ересектерді оқыту ерекшелігін, технологиялары мен әдістерін меңгерген болуы шарт. Осы салада елімізге белгілі ғалымдар: Ш.Т. Таубаева, К.Ж. Қожахметова, К.Х. Жаданова, А.Ә. Жайтапова, Г.Ш. Шаймерденова, Г.Қ. Меңдіғалиева, т.б. бірге еңбек еттім. Қатар жүріп біраз игі істер атқардық, бір - бірімізге қолдау көрсеттік, өзіміз де ғылыми және кәсіби тұрғыда жетілдік. Жалпы ғылым мен тәжірибені ұштастырған ғылыми-педагогикалық кадрлардың біліктіліктілігін арттыратын республикалық инсти-

тутта еңбек еткен жылдарым менің өмірбаянымдағы ең бір мағыналы, мәнді кезең деп айтқан болар едім.

2008 жылдан бастап педагогикалық мамандар дайындаудың қара шаңырағы, еліміздің ең алғашқы жоғары оқу орыны Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде еңбек етудемін. Бұл мен ғылыми жұмыстарымды қорғаған, педагогикалық әрекетте қоян - қолтық араласып жүрген ғалым - педагогтар қызмет ететін білім ордасы. Осындағы белгілі ғалымдар Н.Н. Хан, Р.А. Жаңабаева, Ә.С. Әмірова, А.Е. Манкеш, Д.Н. Исабаева, павлодарлық Е.Ө. Жұматаева, астаналық Р.К. Төлеубекова, т.б. мен ғылыми және әріптестік қарым-қатынасты жоғары бағалаймын.

Педагогикалық білімнің беталыстары ғасырдағы өркениет пен азаматтық қоғам алдында тұрған міндеттермен тікелей байланысты. Олар: тұлғаны өмірдің барлық кезеңдерінде тұрақты дамыту мен оның өзін-өзі жетілдіруі, кәсібилікке ерте бағыттау және кәсіби ұтқырлықты дамыту, т.б. Қазіргі кездегі жоғары білімнің мақсатына жаңаша түсінікпен қарасақ, оны дамытудың басты стратегиялық бағдары – өмірге жауапкершілікпен қарайтын, дүниетанымдық мәдениеті жетілген, шығармашылық ойлауға дағдыланған, іскерлік қабілеттілігі биік, гуманистік ойлауы басым, инновациялық ілімімен қаруланған адамгершілік қасиеттері мол білікті мамандардың жаңа ұрпағын қалыптастыру болып табылады.

Осыған орай жоғары оқу орындарында білім алушылардың: қоршаған әлемді тұтас қабылдап, онымен бірлікте екендігін сезіндіру, әрекеттің нәтижесі мен үрдісін тұтастықта қабылдау дағдыларын қалыптастыру;

- тиімді шешімдер қабылдау, әртүрлі өзгерістерге бейімделе алу, әрекет барысындағы түрлі жағдаяттарды болжай білу, олардың алдын алу технологияларын меңгерту;

- әрекетті ұйымдастыруда жүйелілік амалын және жалпы әдіснамалық ұстанымдарды басшылыққа алу мәдениетін меңгерту, сондай-ақ, болашақ маманның пайымдау мен іс-әрекеттегі толеранттылығын қалыптастыру қызметтерін атқарады.

Бүгінгі таңда бұрынғы жоғары білім беру жүйелерін осы замандағы әлеуметтік, экономикалық даму тұрғысынан жетілдіру талап етіледі. Ең басты мәселе – білімді жетілдіру, жаңа жүйеге көшу болып табылады. Бұл қоғам талабы.

**Еліміздің ең бірінші оқу орнындағы қызметімнің қиындығы мен қызығы жайлы**

2009 жылы ректоры сол кездегі университет ректоры С.Ж. Пірәлиевтің шешімімен университет ішінде Магистратура және PhD докторантура дербес институт болып бөлініп шықты. Инновациялық бағытта білім беретін мұндай институттың ашылуын зор қуанышпен, әрі құлшыныспен қабылдадық. Ондағы 7 кафедрада елімізге, алыс-жақын шет елдерге белгілі ғалымдар жұмыс жасайды. Бұл республикада алғаш ашылған және әзірге баламасы жоқ құрылым болды.

Өзім басқарған отырған психо-

логиялық-педагогикалық мамандықтар кафедрадасы жоғары кәсіби білім беру мемлекеттік стандарттарына сәйкес мына төмендегі мамандықтар бойынша педагогика ғылымдарының магистрлерін:

*6M010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі*

*6M010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбие*

*6M050300 – Педагогика және психология*

*6M050200 – Психология*

*6M010500 – Дефектология*

*6M010800 – Дене мәдениеті және спорт*

Және төмендегі 2 мамандық бойынша PhD докторларын дайындайды:

*6D010300- Педагогика және психология;*

*6D010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі.*

Магистратура және докторантура негізінде ғылыми-педагогикалық мамандар дайындау – ол мақсатты, жүйелі, еліміздің қажеттіліктеріне сай, ғылым мен білімнің халықаралық деңгейлеріне кірігуіне мүмкіндік беретін үрдіс. Ғылыми-педагогикалық кадрларды мақсатты түрде дайындау – білімнің деңгейін көтеру, экономиканы және ұлттық қауіпсіздікті жүзеге асыру деген сөз.

Бұл басқыштың бітірушілері таза ғылыммен айналысуға, не ғылымды педагогикалық қызметпен ұштастыруға мүмкіндік алады. Магистратура мен докторантурада білім алушылар өндірістен қол үзіп, тек күндіз оқиды. Білім мазмұны алдыңғы басқыштағы білімдерін тірек ете отырып, жалпы кәсіби, әлеуметтік-тұлғалық, ұйымдастырушылық-басқарушылық, зерттеушілік құзырлылықтарын дамытуға бағытталады. Магистранттар мен докоранттарды өз бетінше білім алуға, өзіндік ізденістің тетіктерін меңгертуге үйрету керек. Олардың ақпараттармен жұмыс жасай білу, сол ақпараттар ағынынан өзіне қажеттісін таңдап ала білу, оларға сыни тұрғыда баға бере білу дағдыларын қалыптастыру қажет. Жалпы қазіргі жастардың функционалдық және сыни сауатты болуы тиіс деп есептеймін.

Өз тәжірибемізде осыған көп көңіл бөлдік. Ғылым жолына дұрыс бағыттау үшін 1- курстан бастап белгілі ғалымдардан ғылыми жетекшілер бекітіліп, олар білім алушының оқу үрдісінде, ғылыми-зерттеушілік жұмыстарда талантын, қабілеттерін, шығармашылығын ашуға көмектесуі жүйеге келтірілді. Болашақ ғылыми-педагогикалық мамандардың ғылыми зерттеу жұмыстарының тақырыптарын бекітуге аса жоғары мән берілетін. Тақырыптардың еліміздің индустриялық-экономикалық және әлеуметтік дамуының стратегиялық бағыттарына сәйкес болуы басты назарда ұсталды.

Диссертациялық жұмыстар тақырыптары мамандықтар бойынша университет ғалымдарынан құрылған ***үйлестірушілік-кеңес берушілік комиссия*** мүшелерінің талқысынан өтіп барып бекітілуге ұсынылуы, ғылыми жетекшілер – зерттеу тақырыптары бойынша білім алушылармен тұрақты кездесіп, ақыл-кеңес беріп тұруы жолға қойылды Оқу ба-

рысында ғылым философиясы, ғылыммен айналысудың әдіснамасы мен оны ұйымдастырудың әдістері арнайы теориялық және практикалық тұрғыда үйретілді. Сонымен қатар магистранттар мен докторанттар іргелі және қолданбалы зерттеу жұмыстарын жүргізуге қатыстырылуы олардың сапалы маман болып шығуларына зор көмегін тигізді деп айта аламын.

Болонья үрдісі негізінде ғылыми педагогикалық мамандарды дайындау академиялық ұтқырлық жағдайында шет елдермен тұрақты байланыста болуды талап етеді. Қоғамның мақсат-міндеттерінің ауысуына қарай оқыту жүйесінің өзгеруі заңды құбылыс. Жоғары оқу орындары көшкен оқытудың кредиттік жүйесі білім алушыны субъектілік жағдайға қоятын, оның еркіндігі мен дербестігін есепке алатын, өз бетінше ізденіп, өз бетінше білімденуге, өзін өзі жетілдіруге мол мүмкіндік береді. Жоғары білімнің мазмұны мен құрылымын Болонья үрдісінің параметрлеріне сәйкес келтіру арқылы жоғары білімнің еуропалық аймаққа кірігуі қамтамасыз етіледі.

Академиялық ұтқырлық немесе магистранттың шет елдік оқу орындарында тағлымдамадан өтуі тек осы жаңа жүйе жағдайында ғана мүмкін болып отыр. Психологиялық-педагогикалық мамандықтар кафедрасында білім алып жатқан 2-курстың ең үздік магистранттарын әр жыл сайын шет елдік жоғары оқу орындарында болып, сол университеттерде жұмыс жасайтын белгілі ғалымдардан дәріс алып, білім мекемелерінің жұмыстарымен танысып, кітапханаларда өз зерттеу жұмыстары бойынша материалдар жинақтаумен айналысып қайтуын дәстүрге айналдырдық деуге болады. Кафедра жұмыс жасай бастаған уақыттан бастап докторанттар Түркия мемлекеті Анкара қаласындағы Гази, Анкара, Венгрияның Печ, Болгарияның Великтырнов, Литваның эдукология университеттерінде білім алып, зерттеу материалдарын және тәжірибе жинақтады.

Ал магистранттар Москваның мемлекеттік педагогикалық, Литваның эдукология, Киевтегі Т.Шевченко атындағы, Болгарияның әулиелер Кирилл мен Мефодий атындағы және Германияның Лейпциг университетінде ғылыми тағлымдамадан өтті.

Сонымен қатар шет елдік ғалымдардың дәрістері мен шеберлік сыныптары жоспарлы түрде ұйымдастырылады. Тек үстіміздегі жылы ғана кафедра білім алушыларына Москвалық педагогика ғылымдарының докторы, профессор А.И. Джуринский, Анкара университетінің профессорлары М. Таспинар мен С. Огулмуш, Печ университетінің докторы Б. Лабада, Вильнюс университетінің профессорлары Э. Мартишаускене мен А. Галкиене, Донгдунк университетінің докторы На Мин Шин, АҚШ-тың Спенсер Кларк, т.б. дәріс берді. Бұл жұмыстардың қазіргі білімді интернационалдандыру мен әлемдік білімдік кеңістікке кіріктіру мәселелерін шешуге ықпал ететіндігі сөзсіз.

Оқытушылардың білім берудің жаңа технологияларын оқып үйренуі – кафедра жұмысындағы басты бағыттардың бірі болып есептеледі. Сол мақсатта кафедрадағы әдіснамалық семинар, шығармашылық шеберханалардың, оқытушылар жүргізетін шеберлік сыныптардың әлеуеттері толық пайдаланылады. Олардың өз елімізде, шет елдерде курстардан өтіп тұрулары қадағаланып, кәсібиликті жетілдіріп, біліктілікті арттырулары назардан түспеді. Кафедраның 5 профессоры Германияның Дюссельдорф қаласындағы ғылыми ақпарат орталығында, 7 кісі Чехияның Прага қаласындағы «Заманауи білім орталығында» білім жетілдіріп қайтуын ұйымдастырған болатынмын.

Университетте іргелі және қолданбалы ғылыми жобаларды орындаумен айналысамын. Мысалы: БжҒМ жариялаған ғылыми жобалар конкурсы бойынша 2009-2011 жылдары *«Научно-педагогические основы модернизации подготовки специальных педагогов в условиях кредитной технологии обучения»* тақырыбындағы; 2012-2015 жылдары *«Теоретико-методологические основы профессионального развития научно-педагогических кадров на этапе послевузовского образования»* атты іргелі зерттеулер жүргізу жұмысына жетекшілік еттім, сондай-ақ *«Модернизация и развитие учебных программ по педагогике и образовательному менеджменту в странах Центральной Азии»* (2014-2016 ж.ж.) тақырыбындағы халықаралық ТЕМПУС ұйымы тарапынан жүргізілген зерттеуге және қазіргі кезде *«Үздіксіз кәсіптік педагогикалық білім берудің қазіргі жай-күйі және Lifelong Learning Teacher (педагогтің үздіксіз білім беруі) Тұжырымдамасын әзірлеу»* тақырыбындағы іргелі зерттеу жұмысының қатысушысымын.

Профессор ретінде магистерлік және докторлық зерттеулерге жетекшілік етемін. Менің жетекшілігіммен **1** ғылым кандидаты, **8** Ph.D докторы, **30-**дан аса педагогика магистрлері дайындалды.

Оқытушылық пен ғылымды қатар алып жүру қазіргі бізге қойылып отырған талап. Бұл ретте **230 –** ға жуық ғылыми еңбек: оның ішінде «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі», «Педагогика және психология» мамандықтары бойынша магистратура және докторантура үшін мемлекеттік білім беру стандарттары, типтік оқу бағдарламалар, **3** монография, **12** оқу құралы, **16** ғылыми-әдістемелік және ғылыми-практикалық құралы жарық көрді. ҚР БжҒМ ұсынған жалпы білім беретін мектептердің **2-4** сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» пәні бойынша оқу-әдістемелік кешеннің авторы болғанмын.

Кафедра профессоры ретінде ол әріптестері мен университет, институт оқытушылары үшін тұрақты ашық сабақтар, шеберлік сыныптар өткізіп тұрады. Сабақтарымда білім алушылардың субъектілігін, шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал ететін оқытудың жаңа технологиялары мен интербелсенді әдістерін қолдана отырып студентке бағдарланған білім беру, құзыреттілік тұғырды басшылыққа алып отырамын. Бұл ретте шет елдерде ғылыми іс сапарлар мен тағлымдамалар барысында жинақтаған тәжірибе көп көмектесті. Білімімді, ғылыми деңгейімді арттыру мақсатында

Американың Кентукки штаты Луисвилл, Германияның Дюссельдорф, Лейпциг; Чехияның Прага, Оңтүстік Кореяның Сеул; Түркияның Анкара, Стамбул, Ирландияның Корк; Қытай ХР Бейжін қалаларындағы ғылыми ақпарат орталықтары мен университеттерде біліктілік арттыру курстарынан өткенмін. Еңбектерім Ресей, Белоруссия, Польша, Германия, Түркия, Литва, Чехия, т.б. мемлекеттерде, ал **8** мақала **Scopus, Web of Science** базаларындағы басылымдарда жарияланса, **3** ғылыми еңбекке авторлық құқық куәлігі берілді.

Оқытушылық және ғылыми еңбектерден басқа әр салалы қоғамдық жұмыстарға да белсене араластым. Атап айтқанда, **2008-2010** жылдары Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім Академиясының педагогика ғылымдары дәрежесін беру жөніндегі ОД.14.65.02 Диссертациялық кеңесінің мүшесі ретінде еліміздің ғылыми кадрларын даярлауға үлес қостым деп айта аламын. **2011-2021** жылдары Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанынан БжҒМ БСБК шешімімен ашылған 6D010000 – Білім (гуманитарлық ғылымдар) бағыты бойынша «философия докторы» ғылыми дәрежесі үшін диссертациялар қорғалатын **Диссертациялық кеңесті** басқару сеніп тапсырылды. Бұл жұмыста еліміздің әр түрлі жоғары оқу орындарынан келген жас зерттеушілердің жұмыстарының табысты қорғауына үлесімді қостым деп айта аламын. Сонымен қатар «Вестник Челябинского университета» (Ресей), Гданьск университеті (Польша) шығаратын «Health Psychology Report», Қазақстан педагогика ғылымдарының Хабаршысы; республикалық ғылыми-әдістемелік «Қазақстан мектебі» журналдарының редакциялық алқа мүшесі ретінде қоғамдық жұмыстар атқарып келемін.

Еңбектің еленгені бір бақыт қой. Көп жылғы ғылыми-педагогикалық еңбектегі табыстарым үшін Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі **(1995 ж.)**; Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері **(2005 ж.)**; Ы.Алтынсарин **(2016 ж.)** төс белгілерімен марапатталдым. **2011** жылы *«ЖОО үздік оқытушысы»* мемлекеттік грантын иелендім, **2014** жылы өткен республикалық «Үздік әдіскер» конкурсының **2** – орын жеңімпазы. **2015** ж. Ресей жаратылыстану академиясының (РЖА) корреспондент-мүшесі ғылыми атағы берілді. **2017** жылы Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар академиясының толық мүшесі (академигі) болып сайландым.

Қазіргі кезде Педагогика және психология кафедрасында профессорлық қызметтемін. Ғылымға бет алған шәкірттер тәрбиелеу, болашақ педагогтарды даярлаумен қызыға айналысамын. Өйткені қазіргі жастар үшін ізденуге мемлекет және оқу орыны тарапынан барлық жағдайлар жасалған, тек ынта мен жігер, мақсаткерлік таныту қажет. Оларға түрткі болу, бағыт беру біздің ісіміз деп білемін.

### Өнер деген өріс жайлы

Менің ата-анам өнерден құралақан емес еді. Отырған жерлерінде ән айту, анамның аздап өлең шығару қабілеттері бар болатын. Содан болар кішкентай кезімнен музыканы жақсы көріп өстім. Би билеп, ән айттым, 6 сыныптан бастап баянда

ойнауды өз бетімше үйрендім. Кейін Кызылордадағы училищенің музыка бөлімінде оқи жүріп, баян мен бірге қобыз аспабын меңгердім.

Өзім турасында айтар болсам, мен де өнерден өмірді іздедім. Әсіресе қазақ әндерінің мол қазынасының тәрбие құралы екендігін, жанға нәр беретін қуатын ерте ұқтым. Бұл үшін ата анама, өмірде болған ұстаздарыма, мені қоршаған адамдарға шексіз рахметімді айтамын. Ұстаздық ете жүріп өнерден қалыс қалмадым. Елде жұмыс етіп жүрген жылдары сол кездегі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы А.Назарбековтың басшылығымен әр салада еңбек ететін жастардан құрылған «Мойынқұм» халықтық этнографиялық ән-би ансамбілінің мүшесі ретінде республика қалаларында, Москвада, ал 1976 жылы Португалияның 10 қаласында өнер көрсеттім. Шығармашыл тұлға ретінде музыканы, кітап оқуды, саяхаттауды сүйемін.

Дегенмен, мұғалімдік қызмет әртістікпен туыстас мамандық қой. Сондықтан бір-бірінен бөліп қарамадым. Оқушыларды оқыта жүріп өнерге баулу олардың жоғарыда айтып кеткен әлеуеттерін ашуға жағдай жасайтындығын, өмірдің қанық, мәнді, мағыналы болуын қамтамасыз ететіндігін өз тәжірибем көрсетті. Педагогикалық қызметті де өнер деп түсініп, өзімді содан таптым.

### Достар мен бен жолдастар жайлы

Достық деген өзіндік жауапкершілікті талап ететін мәңгілік құндылық. Мен достық туралы сөз айтқанда ең алдымен сыныптасым Айнаш Боташева, алматылықтар Раушан Ақшалова, Мансура Аманбаева, Роза Баймұхамедова, Күләнда Ерешева, қостанайлық Раиса Ищанова, шымкенттік Ұлмекен Панзабекқызы, Пістекүл сияқты ақ көңіл адал құрбыларымды ауызға аламын. Ал «құдай қосқан» көршілер: Раушан Ғаббасовна, Гүлнара Шахановна, Жанар... әрдайым жанымнан табылатын отбасы мүшелеріндей.

Одан кейін Алматыда жұбымыз жазылмай келе жатқан, барлық қызықты да қиындықты да бірге көтеріскен «Ақсай ауылы» атанған: Кеңшілік – Мақсат, Қанат – Шарипа, Байғали – Жексен, Хайролла – Асыл, Жақан – Бақыт, Майраш – Тамараларды тілге тиек еткен болар едім. Бұлардың барлығы қоғамдық қызметтің әр саласында абыроймен еңбек етіп жүрген жандар. Мен олардың барлық істерінің оң болып, тек балаларының қуаныштарына бөленуін тілеймін.

Осы қатарда жаны жақсы адамдар, үлгілі отбасы Жаха мен Зина, Кеңес пен Катя, Елемес пен Зүбайда, Бақыт пен Алмаш жанұяларын атап өтемін. Олар менің барлық жетістіктерімнің куәгерлері, шын қуанып, уайымыңды бөлісе білетін асыл жандар.

Жалпы Қазақстанда мені білетіндер, мен білетіндер көп, олар білім саласында еңбек етеді.

### Жастар жайлы айтарым

Менің маңайымдағы жастар ерекше күш десем артық емес. Олармен бірге болу есейгендікті ұмыттырып, жақсы энергетика жинауға көмектесіп, позитивті ойларға бөлейді. Бұлар адам үшін соншалықты маңызды дүниелер ғой. Сіңлімдей болып кет-

кен ғылым докторлары: алматылық Гүлзия Пірәлі, тараздық Тұрсынай Әбдіқадырова, ғылым кандидаттары алматылық әнші-композитор Гүлнұр Өмірбаева, қарағандылық Зейнегүл Көпбаева, алматылық мектеп директоры Күләй Аманжолова, шет елдік компания қызметкері Әлия Іргебаева, мектептің оқу ісінің меңгерушісі Шолпан Ыдырысова тағы басқаларды атап өткен болар едім. Бұлардың әрқайсысының мен үшін орыны ерекше. Олардың бірі концертке шақырса, екіншілерімен театрға, кездесулер мен кештерге барамын, әртүрлі тақырыптарға пікір алмасамыз. Оқығанымыз бен түйгенімізді таразылаудан жанымыз жадырап, өмірге құлшынысым артады. Сондықтан әріптес сіңлілермен жүздесуді асыға күтемін, өзім де бар ықыласыммен қолдау көрсетіп отыруды міндетім деп санаймын.

